

УДК 571.77

Д.Д.СУЛЕЙМЕНОВА

*Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті,**Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясы.**Орал, Қазақстан*

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «АЛАШ» ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ МҮШЕСІ – ТӨЛЕГЕН ИМАНҒАЗИЕВ

Андатпа

Бұл мақалада ХХ ғасырдың басындағы Батыс Қазақстандағы «Күнбатыс» Алашорда үкіметінің мүшесі – Төлеген Иманғазиев туралы мағлұматтар беріледі

Тірек сөздер: Ақпан революциясы, Қазақ съезі, қазақ халқының бостандығы және саяси күресі

Ключевые слова: Февральская революция, казахский съезд, о свободе казахского народа, политическая борьба

Keywords: February revolution, Kazakh congress, about freedom of the Kazakh people, political fight.

Төлеген Иманғазыұлы Иманғазиев 1874 жылдың наурыз айының 16 күні Орал облысы Ілбішін уезі Қалдығайты болысының №2 ауылында туған. Әкесі Иманғазы Орал-Жымпиты-Ойыл жолы бойындағы Қарақұдық деген жерде лау ауыстыратын бекет ұстаған дәулетті адам болған. Тегі – Байұлына жататын алаша руының Өтеулі бөлімі. Шешесі Бозша үй шаруасындағы әйел болған.

1887 жылы Гурьев уезіне қарасты Есбол (Индер) 2 кластық болыстық мектебін бітірген.

1888 жылы Орал қалалық 2 кластық орыс-қазақ училищесіне түсіп, 1890 жылы тамамдайды.

1890 жылы маусым айының 10 күні Орынбор орыс-қазақ мектептері мұғалімдері мектебінде оқып, 1894 жылы халық мұғалімі дипломымен бітіріп шығады.

1894 жылдың маусым айының 24 күні Орынбор оқу округінің бастығының № 2712 бұйрығымен Торғай облысындағы Әуликөл болыстық орыс-қазақ мектебінде, Алшыбай ауылында мұғалім, (1894-1896ж.ж.), Орынбор орыс-қазақ мектептері мұғалімдері мектебінің дайындық класының оқытушысы (1896-1904ж.ж.).

1904-1917 жылдар аралығында елде мұғалім болды.

1904 жылы Жымпиты уезі Соналы болысының управителі болып сайланды.

1917 жылы Ақпан революциясынан соң жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін құру, земстволық оқу-ағарту ісін жолға қою ісіне белсене қатысты, Батыс Алашорда оқу-білім комитетіне мүше болды.

1918 жылы ақпанда Қаратөбеде өткен 3-інші Орал облыстық қазақ съезінің делегаты. Алаш милициясының Ойылдағы мектебінде мұғалім.

1920-1929 жылдар аралығында ауылда шаруашылықпен шұғылданды.

1929-1938 жылдары Жаксыбай орта мектебінде жағрафия, орыс тілі және еңбекке баулу пәндерінен сабақ берді.

1937 жылы 2 ақпанда бұрын болыс болып, «Батыс Алашорда қызметіне қатысқаны үшін, «Діни қайраткерлер Құрманғали Қуанышқалиев, Хасан Нұрмұхамедовпен байланыс жасады, панисламизмді насихаттаушы, белсенді Алашордашыл» деген айыппен тұтқынға алынады.

1938 жылы РСФСР ҚК 58-нші, 58-2 баптарына сәйкес, УНКВД-ның Батыс Қазақстан облысы бойынша үштігі соттаған, ақпанның 15 күні түнде атылған. Төлеген Иманғазыұлы Иманғазиев туралы бұл деректер Батыс Қазақстан облыстық Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің № 2368 іс бойынша берілді. Осы іс қаралған кезде тұтқын Төлеген Иманғазиевтың жеке анкеталық парағында оның отбасының құрамы берілген:

1) Әйелі Иманғазиева Жанот – 57 жаста

2) Ұлы Түлегенов Хасан – 26 жаста

3) Ұлы Түлегенов Ғұсман – 20 жаста

- 4) Ұлы Тулегенов Әсет – 15 жаста
- 5) Ұлы Тулегенов Қали – 9 жаста
- 6) Келіні Тулегенова Батима
- 7) Қызы Хұсайынова Зияда.

Хұсайынова Зияда Төлеген Иманғазиевтың інісі Хұсайынның қызы, әкесі 1932 жылы қайтыс болған соң, Төлеген Иманғазиевтың жанұясы асырап алған.

Төлеген Иманғазиевтың ұлы Төлегенов Хасан 1961 жылы 29 мамырда Батыс Қазақстан Қауіпсіздік Комитетіне әкесінің 1937 жылы 2 ақпанда ұсталғанын, 58 статья 2-бап бойынша осы уақытқа дейін хабар жоқ екенін жазып, өтініш білдірген. Соған байланысты Төлеген Иманғазиев ісі қайта қаралған. Осының нәтижесінде Батыс Қазақстан облыстық соты президиумының қаулысымен 1961 жылдың 21 қыркүйегінде Төлеген Иманғазиевке тағылған айып-істің негізсіздігіне байланысты қылмыстық іс тоқтатылғаны айтылды [1]. Төлеген Иманғазиев 1991 жылы 26 сәуірде ақталған [2].

Төлеген Иманғазиев әулетінен ұстаз-мұғалімдер көп шықты. Төлеген Иманғазиевтың немересі Қайыржан Хасанов – белгілі өлкетанушы, журналист. Қайыржан Хасанов қазір Орал қаласында 8 наурыз көшесі, 189-шы үйде тұрады [3].

Төлеген Иманғазиев – ағартушы-педагог, Алаш қозғалысына қатысушы, Алаш партиясының, Батыс Алашорданың мүшесі [4].

Биыл 2014 жылы Алаш қайраткері Төлеген Иманғазиев 140 жасқа толмақ [5]. Алаш қайраткерінің мерейтойы өзінің қызмет істеген жерінде тойланбақ. Осы мерейтойға арнап, немересі Қайыржан Хасанұлы атас ы – Төлеген Иманғазиев туралы кітабын жарыққа шығарды [6]. Қазақ халқында мақал бар «Орны бар – оңалар» - деген. Осылайша бір ғасыр бұрын азап шеккен, қазақ халқының болашағы үшін атылған Алаштың ұлдары ұрпақтарының арқасында ардақталуда [7], [8].

ӘДЕБИЕТ

- 1 БҚКҚМ қор № 6, іс №1, - 236 мұрағат № П-2191 том №1
- 2 ҚРОММ қор 95, тізім 1, № 212
- 3 Ғ.Әнес, М.Тәж-Мұрат. Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы. – Алматы «Арыс».
- 4 Д.Сүлейменова Алаш қозғалысы және Жаһанша Досмұхамедов – Орал 2010
- 5 Ғ.Әнес., С.Смағұлова Алаш. Алашорда. Энци. – Алматы 2009
- 6 Қ.Хасанұлы Төлеген Иманғазиев – Орал, 2013.
- 7 С.Ергалиева., Д.Шакелова., З.Хайруллина Батыс Алашорда үкіметінің Алаш қайраткерлері – Орал 2011
- 8 Е.Тлешов., Д.Қамзабекұлы., И.Нұрахмет Алаш қозғалысы – Алматы 2008.

Adebijeter

- I.ZKKDB tom №1, D – 236, № P – 2191 Fond №6
- II.RKGA fond№95, spisok №1, №212
- III.G.Anes, M.Tazh-Murat. Enciklopedya ZKO – Almaty: Arys baspasy,2002.
- IV. D.Suleymenova. Dvizhenya Alash i Zhakhansha Dosmukhamedov monografiya. Uralsk, 2010
- V.G.Anes., S.Smagulova Alash. Alash-Orda. Enciklopedya. – Almaty 2009
- VI.K.Khasanov Tulegen Imangaziev – Uralsk 2013
- VII.S.Ergaliev.,D.Shakelova., Z.Hairullina History of Western part of Alash-Orda –Ural'sk 2010
- VIII.E.Peshov., D.Kamzabek., I.Nurahmet Dvizhenya Alash - Almaty 2008.

Төлеген Иманғазиев – лидер движения «Алаш» в Западном Казахстане Резюме

Статья посвящена одному из лидеров Алашского движения XX века в Западном Казахстане – Тулегену Имангазиеву.
Tulegen Imangaziev – is a leader of motion «Alash» in Western Kazakhstan

Summary

The article is devoted one of leaders of Alash of motion, XX century in Western Kazakhstan – Tulegen Imangaziev